



**ТЕХНОЛОГИИ
ПЕРЕВОДА
И СРАВНИТЕЛЬНОЕ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО
НАСЛЕДИЯ
АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА**

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81

ББК 81.2

Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акмуллы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатова С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Бижкенова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

Ахмет Байтурсынов и современные исследования в литературоведении**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ
САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕГІ - “ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ” ЕҢБЕГІ***А.Б.Аманбаева**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті
Астана*

Аңдатпа: Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабының ұлттық әдебиеттанудағы орны өте зор. Бұл кітап қазақ әдебиеті ғылымының құнды еңбегі. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны мен қазақ әдебиеті саласына қосқан зор үлесі жайлы айтылады. “Әдебиет танытқыш” кітабының ірі теориялық еңбек ретінде ерекшеліктері мен маңыздылығы айқындалады және талданады.

Тірек сөздер: термин, оқу құралы, ғалымдар, лингвистика, анықтама, жанр, теория.

Аннотация: Большое место в отечественном литературоведении занимает книга Ахмета Байтурсынулы «Литературная витрина». Эта книга является ценным произведением казахского литературоведения. В статье рассказывается о биографии Ахмета Байтурсынулы и его большом вкладе в область казахской литературы. Определены и проанализированы особенности и значение книги «Литературный представитель» как крупного теоретического труда.

Ключевые слова: термин, учебное пособие, ученые, языкознание, определение, жанр, теория.

Abstract: A large place in domestic literary criticism is occupied by the book of Ahmet Baitursynuly "Literary Showcase". This book is a valuable work of Kazakh literary criticism. The article tells about the biography of Akhmet Baitursynuly and his great contribution to the field of Kazakh literature. The features and significance of the book "Literary Presenter" as a major theoretical work are identified and analyzed.

Key words: term, textbook, scientists, linguistics, definition, genre, theory.

Қазақтың ұлы ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 18 қаңтарда Қазіргі Қостанай облысында Торғай өңіріндегі Сартүбек деген жерде дүниеге келген. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы намысқой, сергек, еті тірі адам болады. Сол себепті де Байтұрсын мен оның ағайындары патша өкіметінің өкілі - уезд бастығын соққыға жығып, түрмеге қамалады. Бұл оқиға он жасар бала Ахметтің санасына қатты әсер етеді. Мәселенің түп негізін толық ұқпағанымен, ол өмірдегі әділетсіздік пен зорлық - зомбылықты, әлеуметтік теңсіздікті көзімен көріп, көңіліне ой ұялатады. Табиғатынан зерек әрі талапты бала Ахмет 1882 - 1884 жылдары көзі ашық ауыл адамдарынан сауатын ашып, хат таниды да, кейін жақын маңдағы ауыл мектебінде оқиды. 1886 - 1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша қазақша училищеде, 1891 - 1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте білім алады. 1895 жылдың 1 шілдесінен өзінің мұғалімдік, ұстаздық қызметін бастайды. 1895 - 1897 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде, екі сыныптық училищелерде сабақ береді. Мұғалім бола жүріп ол қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға, әлеуметтік өмірге үңіледі. Көп кітаптар оқиды, өз бетімен ізденеді. Әдебиетпен айналысады, өлең - жырларын жазады, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинайды, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлейді. Өзінің білімімен, ақыл - парасатымен ел аузына іліге бастайды. Бостандық аңсаған, күреске үндеген өлеңдер жазады. Соның салдарынан 1910 жылы Қазақстанда тұру құқығынан айырылып, Орынбор қаласына келеді. 1913 - 1918 жылдары өзі ұйымдастырған "Қазақ" газетінің редакторы бола жүріп, кең ауқымды әлеуметтік істер атқарады. Қазан төңкерісінен кейін қоғамдық өмірге белсене араласқан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жұртының тәуелсіз мемлекетін құруды мақсат еткен Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі болады. Кейінірек Қазақстанның тұңғыш халық ағарту министрі, Қазақстан академиялық орталығының жетекшісі, Алматыдағы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарады. Кеңес өкіметі тұсындағы коммунистік

идеология аласапыранының салдарынан 1929 жылы жазықсыз ұсталып, ұзақ уақыт түрме мен лагерь азабын тартқан Ахмет, 1936 жылы елге қайтып оралғанымен, 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1938 жылы атылады. Алаш қозғалысының көсемі ретінде "халық жауы" деп атылған А. Байтұрсынұлының есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады.

Ахмет Байтұрсынұлы – кемеңгер ақын, жазушы, ұстаз, тіл жанашыры, түркітанушы. Оның барлық шығармалары мен еңбектері бүгінде де белгілі. Қазіргі лингвистикалық терминологияның барлығын Байтұрсынұлы атамыз жасаған. Ғалымның ғылыми-педагогикалық еңбектерінің нәтижесі – қазақ әліпбиі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы. Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің биік руханилығын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған тұлға. Қазақтың белгілі ғалымы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы бүкіл саналы ғұмырын туған халқының тағдыры мен тілі үшін күреске арнап, сөз өнерінің биік руханилығын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Ахмет атамыз халқын шексіз сүйген, бай-кедейге бөлмеген, ұлтын өркендетуге көп күш жұмсаған, дамып, рухани байытуға ерекше мән берген қайраткер. Оған дәлел ретінде Сәкен Сейфуллиннің замандасы туралы жазған сөздерінен көре аламыз: «Басқа білімді мырзалар шен, иық іздеп жүргенде, намыс үшін күресіп, ұйықтап жатқан халықтың санасын оятуға, ұлт намысын езгіден, құлдықтан сілкіндіруге ұмтылған Ахмет қана еді. Қазақтың көп оқығандары уезге, болыстарға, билерге сатылды, тілмаш болып жұмысқа орналасты, кейбірі тіпті намысын сатып, сатқындықпен айналысты, ал Ахмет қазаққа жанын берді». Тіпті, Мұхтар Әуезовтің өзі Ахмет Байтұрсынұлын араға, адамға ем болатын балға теңеген.

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Оның әдебиетші ғалым - теоретик ретінде тұлғасын айқындаған басты еңбегі - "Әдебиет танытқыш". Еңбек 1926 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан. Бұл кітабында ғалым алғаш рет қазақ әдебиетінің теориялық, методологиялық мәселелерін негіздеп берді. Аты әйгілеп тұрғандай, кітап әдебиет әлемін, көркем сөз табиғатын, сырын, мазмұны мен ерекшелігін, қоғамдағы рөлін көптеген мысалдармен дәлелдеп, байсалды түсіндіруге арналған. Автор бұл еңбегінде қазақ тілі мен әдебиеті грамматикасындағы ұғымдар мен категорияларға жаңаша әрі дәл анықтамалар берді. "Әдебиет танытқыш" кітабы екі бөлімнен тұрады. "Бірінші бөлімде көркем әдебиеттің бейнелеу құралдары мен әдіс - тәсілдері талданса, екінші бөлімде әдеби жанр түрлері сөз болады. Тұтастай алғанда, Ахмет Байтұрсынұлы өнер атаулыны екі топқа бөледі. Оның бірі - тірнек өнері, екіншісі - көрнек өнері. Көрнек өнеріне ғалым сәулет (архитектура) өнерін, сымбат (скульптура) өнерін, кескін (живопись) өнерін, әуен (музыка) өнерін және сөз (әдебиет) өнерін жатқызады.

«Әдебиет танытқыш» оқу құралында Ахмет Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек», – деп ескертеді де, сол талапты осы еңбегінде орындап шығады.

Ғалым бұл еңбегінде әдебиет ғылымындағы терминдерге өзіндік анықтама береді. Мысалы, лирика тегін «толғау» деп алып оған жеке анықтама береді, эпосты - «әуезе» деп алып, оны да тармақтайды. Драманы – «айтыс-тартыс» деп алып, олардың әрқайсысына анықтама түсінік береді. Ол анықтамалар мен түсініктемелердің бүгінгі қолданыстағы әдеби-теориялық тұжырымдамалардан көп айырмашылығы жоқ.

«Әдебиет танытқыштың» құрылымдық ерекшелігі – тараулардың, әрбір жаңа сабақ тақырыбының, жекелеген тұжырымдардың реті бір-бірінен туындап отыратын қисындылығында. Ал тақырыпты түсіндіру, баяндау тәсілінің бір ерекшелігі – сөздің анықтамасын айтудан бұрын оның қасиетін айтатынында. Яғни, кез келген тақырыпты түсіндіру барысында бізге үйреншікті дедуктивті әдіспен емес, көбіне сол дедукцияның өзіне негіз болып келетін жолды ұстанып, сөздің анықтамасынан қасиетіне қарай емес, керісінше, сөздің қасиетінен анықтамасына қарай баяндалады. Әр терминге қарапайым түсінікті тілмен дәл әрі шумақтап береді. Оған оқулықтағы

роман, повесть, әңгіме жанларын түсіндіру тәсілі осыған дәлел бола алады. Романды – ұлы әңгіме, повесті – ұзақ әңгіме, әңгімені – ұсақ әңгіме деп әрбір жанрдың атауында оның мазмұны мен формасын қатар түсіндіріп кетеді. Алғашқы тақырыптан бастап әдебиет, ол – өнер, сондықтан өнердің өзін түсініп алалық дейді де оны өте ұғынықты, қарапайым сөзбен баяндап береді.

Бұл еңбектің ерекшеліктеріне тоқталып кетсек, біріншіден, «Әдебиет танытқыштың» білім беру тәсілінде алдымен күрделі тақырыпты ұғындырып алу көзделеді. Сол арқылы баланың талғамын қалыптастыру жолға қойылады. Көркем дүниеге деген биік талғам қалыптастырған оқушы үшін кез келген тақырыпты талдау зәредей қиындық тудырмасы анық.

Екіншіден, оқушыны қисынды ойлай білуге үйретеді. Біз көбіне көркем сөз, көркем шығарма, көркем туынды дегенді жиі айтамыз. Алайда, оқушыларға сол көркемдік қайдан келгенін айтпаймыз. Оны түсінбеген оқушы әдебиеттің түрлі теориялық анықтамаларымен басы қатып жатады. Мысалы, автор бірінші – өнердің қасиетін түсіндіреді. Осыдан оқушы сұлулық, көркемдік дегендердің өнерге қатысты дүние екенін түсінеді.

Үшіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы оқулығы анықтаманы оқушының өзіне шығартуға үйретеді. Ол бір мәселені ұғындырғанда оны түсіндірудің барлық тәсілдерін қолданады. Оқулық сонысымен ерекшеленеді. Оқушы есінде жаңа дәріс ұмытылмастай сақталады. Бір тақырыптың негізімен бірге іс-тәжірбиелік жағын өмірмен байланыстыра баяндап береді.

Төртіншіден, ғалым термин мәселесінде бірде бір грек, латын, не болмаса орыс сөзін қолданбайды. Барлығын қазақы дүниетанымнан, әрбір сөздің өз түбірінен, өз төркінен алып, соны термин етіп түсіндіреді. Бұл да оқушының өзіндік туа бітті жаратылысына лайық, ақылына қонымды тәсіл. Мысалы: «Мінездері ұқсас, бірінғай, бір кейіпті адамдарды кейіптес дейміз. Мінездің белгілі бір түріне кейіп беретін адамдарды кейіпкер дейміз. Жомарттық, сараңдық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық – бұлар қай жұртта да болатын мінездердің жалпы кейіптері. Сондықтан мұндай мінезді адамдар жалпы кейіпкерлер болады», «Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады»-деп ғалым еңбегінде түсіндіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы лирика тегін «толғау» деп алып оған жеке анықтама береді. Эпосты - «әуезе» деп алып, оны да тармақтайды. Драманы – «айтыс-тартыс» деп алып, олардың әрқайсысына анықтама түсінік береді. Ол анықтамалар мен түсініктемелердің бүгінгі қолданыстағы әдеби-теориялық тұжырымдамалардан көп айырмашылығы жоқ. Қазіргіше лирика, Ахмет Байтұрсынұлыша толғау, оны автор мынандай түрлерге жіктейді: саф толғау, марқайыс толғау, налыс (мұңайыс) толғау, намыс-таныс толғау, сұқтаныс толғау. «Әдебиет танытқыштың» «Толғау түрлері» деген бөлімінде автор толғау болмысына қойылатын шарттарды ішкі шарты және тысқы шарты деп бөліп-бөліп нақтылап талдайды, әрқайсысына сипаттама береді. Автор толғау үлгілері деп мысалға Абайдың «Адамның кейбір кездері», С.Сейфуллиннің «Жолдастар» өлеңдерін, «Маса», «Оян, қазақ» кітаптарынан өлеңдер алған.

Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы қазіргі қолданыстағы повесть жанрына «ұзақ әңгіме» деп атау берген. Автор Мұхтар Әуезовтің «Оқыған азамат», Смағұл Садуақасовтың «Қалайша кооперация ашылды», «Автономия», Міржақып Дулатовтың «Қызыл қашар», Бейімбет Майлиннің «Айт күні» туындыларын ұзақ әңгімеге қосады. «Әдебиет танытқыш» оқу құралында автор поэмаларды да әуезе, қазіргіше айтқанда эпос түрлеріне жатқызады. Оған мысал ретінде мына шығармаларды келтіреді: Шәкәрім Құдайбергелінің «Жолсыз жаза», «Қалқаман – Мамыр», Мұхаметжан Сералиннің «Топжарған», Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баяны». Осы әуезеге кейіпкерлері тарихта болған адамдарға арналған поэмаларды да кіргізіп, оны аңыз деп атаған. Оған: Абайдың «Ескендір», Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт», «Орман патшасы», А.С.Пушкиннің «Даньшпан Аликтің ажалы» шығармаларын жатқызған.

Ғалым лириканың алғашқы үлгілерін қазақтың сонау тұрмыс- салт жырларынан іздеп табады. Сонда, ең жеңілі жоқтау – эпитафияға, мақтау – одаға, даттау – сатираға балама болып шыға келеді. Дәл осы ретпен әдебиеттің үшінші тегін Аристотельше «драма» деп емес, Ақанша «айтыс-тартыс» деп алады да, осы жанрдың түрлерін, айталық, трагедияны – мерт, яки әлекті-тартыс, драманы – сергелдең, яки азапты тартыс, комедияны – арамтер, яки әурешілік деп атайды». Академик З. Ахметов болса, «Әдебиет танытқышта» қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындайтын өлең сөздің бунақ, тармақ, шумақ сынды категорияларының алғаш

қалыптасқандығын атап айтады. Себебі, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ өлеңінің құрылымына байланысты көптеген тың ойлар айтқан. Ол қазақ өлеңінің құрылысына буын, ағым, толқын, жорғақ деген атаулар беріп, олардың өзіндік заңдылықтарын талдаған. Еңбекте өлеңнің кестесі жасалады. Өлеңнің шумақ, тармақ, бунақ құрылыстары сарапталады, айтылған жіктеулердегі ырғақ, сөз әуезі, қазіргіше интонация туралы және оған қойылатын талаптар жөнінде де ақпарат айтылады.

Қорыта айтқанда, «Әдебиет танытқыш» қазақ әдебиеті ғылымындағы орны бөлек, уақыт сынынан мүдірмей өткен қазіргі рухани сұранысқа жауап бере алатын құнды және ауқымды еңбек. «Әдебиет танытқыш» кітабының қазақ әдебиеті саласында алатын орны ерекше зор. Осы ретте бұл еңбектің әлі де жеке құндылық деңгейінде мұра ретінде қалып, болашақта өзінің құндылығын жоғалтпайтынына сеніммен қараған жөн. Өйткені бұл- әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырғы және кітап әр оқырман жүрегінің төрінен үлкен орын алып отыр.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. «А.Байтұрсынов шығармалары».-Алматы:«Жазушы», 1989.
2. Ұ.О.Еркінбаев. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі».-Алматы, 2008.
3. Ахмет Байтұрсынұлы “Әдебиет танытқыш” / Ұлан ОРАЛҰЛЫ, филология ғылымдарының кандидаты.
4. Adebiportal.kz [<https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/23805>].
5. Zharar.kz [<https://zharar.kz/id/52351>].

ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ КОНЦЕПТА «СВОБОДА» В ГАЗЕТНО-ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Г.А.Ахметова, Д.Н. Иманғалиева
 Магистранты 2 курса ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
 Научный руководитель – доктор философии (PhD)
 и.о.доцента Г.З.Бейсембаева

Аңдатпа: Мақала медиа дискурсындағы «еркіндік» ұғымының көрінісіне арналған. Мақалада газет пен публицистикалық мәтіндегі «еркіндік» ұғымы талданады. «Еркіндік» сөзінің тақырыпқа ену жағдайлары сипатталды, бұл мағынаның медиа дискурсындағы негізгі семантикалық және стилистикалық рөлі дәлелденеді, газет тақырыбының ішіндегі осы ұғымды білдіретін мағыналар ашылады.

Түйін сөздер: ұғым, еркіндік, БАҚ, газет, журналистика, дискурс, тақырып.

Аннотация: Статья посвящена отражению концепта «свобода» в медиа-дискурсе. В статье осуществляется анализ концепта «свобода» в газетно-публицистическом тексте. Охарактеризованы случаи включения слова «свобода» в заголовок, обосновывается ключевая семантико-стилистическая роль в медиа-дискурсе данного значения, выявляются смыслы, репрезентирующие данный концепт в рамках заголовка газеты.

Ключевые слова: концепт, свобода, масс-медиа, газета, публицистика, дискурс, заголовок.

Abstract: The article is devoted to the reflection of the concept of «freedom» in the media discourse. The article analyzes the concept of «freedom» in the newspaper text. The cases of inclusion of the word «freedom» in the headline are characterized, the key semantic and stylistic role of this meaning in the media discourse is substantiated, the meanings representing this concept within the headline of the newspaper are revealed.

Key words: concept, freedom, mass media, newspaper, publicistics, discourse, headline.

Публицистические тексты по своей природе являются инструментом воздействия на общественное сознание и эмоциональное состояние читателей. Они обладают информационно-содержательной функцией, а также функцией убеждения [1].